

"Қазақ мұнай және газ институты" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 23 желтоқсан N 1346

Мұнай-газ операцияларының тиімділігін арттыру, мұнай мен газды барлау, өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу техникасы мен технологиясын озыңқы дамыту, мұнай және газ кен орындарын кешенді игеруді ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету, жағалаулық инфрақұрылымы мен мұнай-химия өнеркәсібін теңдестіре дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазақ мұнай және газ институты" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі бағыттары:

1) мұнай мен газдың ресурстарын пайдалану, ұдайы өндіріс қарқындарын және оларды одан әрі кеңейту стратегиясын ғылыми негіздеу, мұнай және газ өнеркәсібін к е ш е н д і д а м ы т у ;

2) технологиялар мен техникалық құралдар саласындағы ғылыми зерттеулер: геологиялық, геофизикалық, геохимиялық түсірулер бойынша; б ұ р ғ ы л а у ;

мұнай мен газ кен орындарын әзірлеу;

мұнай мен газ жинау, тасымалдау, дайындау және қайта өңдеу;

3) мұнайдың қайтарымын арттыруға, мұнай мен газдың технологиялық шығындарын, қоршаған ортаға зиянды шығарымдар көлемдерін қысқартуға жәрдемдесетін ғылыми зерттеулер мен әзірленімдер;

4) теңіздік ғылыми зерттеулер мен әзірленімдерді жүргізу;

5) мемлекеттік органдарға жүктелген өкілеттіктер мен функцияларды қоспағанда, геологиялық-геофизикалық ақпараттың, бұрғылау тасбағандарының, жыныстардың, мұнайлар мен газдардың үлгілерін сақтау қоймаларының, мұнай және газ өнеркәсібі үшін ең жаңа технологиялар мен жабдықтардың ақпараттық базаларының деректер банктерін құру және сүйемелдеу;

6) көмірсутек ресурстары қалыптасуының және орналасуының геологиялық процестерін зерделеу коллекторлар мен флюидтардың қасиеттерін кешенді талдау;

7) мұнай және газ кен орындарын бұрғылау, өндіру мен жайластыру, мұнай-газ өңдеуші зауыттарын, мұнайдың, газдың және мұнай газын қайта өңдеу өнімдерінің магистральдық көлігі объектілерін салу жөніндегі жобалау-ізвестіру жұмыстары;

8) мұнай-газ саласындағы технологиялық процестер мен басқару жүйелерін кешенді автоматтандыру және ақпараттандыру;

9) мұнай мен газды барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау жөніндегі

жұмыстарды орындау үшін нормативтік техникалық нұсқаулықтар мен ережелерді, сондай-ақ басшылық құжаттарды (технологиялық регламенттерді) кейіннен мемлекеттік органдарда қарай және бекіте отырып, әзірлеу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітуді, сондай-ақ оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) "Каспиймұнайгаз" ғылыми-зерттеу және жобалау институты" және "Қазақ мұнай мен газ ғылыми-зерттеу және жобалау институты" ашық акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін беру жолымен Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруды;

3) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілуін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 23 желтоқсандағы

N 1346 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестіруі республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Атырау облысы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 145-1-жол алынып тасталсын.

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :
иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де
мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың
мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 44-жол алынып тасталсын.

3. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысына (
Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2006 жылға дейін акциялардың мемлекеттік
пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына
жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 28-жол алынып тасталсын.